

12007  
634

Акжан әл-Машани

ЖЕР СЫРЫ

**Ақжан әл-Машани**

**СӨП ТОМДЫҚ ШЫГАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ**

**Үшінші том**

**Редакциялық алқа:**

*Сүлеев Д.К., төрага, Абдраман Ш.А., орынбасары,  
Кененбай Ы.С., Машанов Э.А., Сыдықов Ү.С.*

**«Алатай»  
баспа-полиграфиялық  
корпорациясы  
Алматы 2006**



жазықтың көмкөлөрі

1937 ж. Семей

Ақжан әл-Машани

# ЖЕР СЫРЫ

«Жер құрлысы»,  
«Қазақстанның тас-қола  
дәуірі мирастары»

4688000

ББК 63. 3 (5 қаз)

М 32

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрагат комитетінің мемлекеттік  
бағдарламасы бойынша шыгарылды

А. әл-Машани

М 32 Жер сыры – Алматы: «Алатау» баспасы, 2006, 288 бет

ISBN 9965 - 807 - 10 - 8

«Жер сыры» топтамасына Ақжан әл-Машанидің «Жер құрылышы» 1954 жарық көрген кітабы мен «Қазақстанның тас-қола дәүірі мирастары» /1996/ атты еңбектері еніп отыр.

Кітапта мұз дәүірі соңындағы оның ішінде Гүн (Жүн, Сюн) т. б. тайпалары туралы сөз етеді. Сол заманнан келе жатқан кен орындары, таңбалы тас, оның құиласы, жұлдыздар аңызы, Тұран қаңпасының пайды болуы туралы жазылған. Гүндардың кейінрек түркі тілдес тайпаларга таралып, даму кезеңдері де гылымы дәлелденеді.

Бұл еңбек жогарғы оқу орындары студенттері мен көпшілік оқырман қауымға арналған.

Кітапты құрастыруши және арнаулы редакторы, профессор  
Ш.Абдраман.

М 0503020905  
00(05) - 06

ББК 63. 3 (5 қаз)

ISBN 9965-807-10-8

© әл-Машани А.орталығы, 2006  
© «Алатау» баспасы, 2006.

## **ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖАНРЫНЫҢ ҚАРЛЫГАШЫ** (Алғы сөз орнына)

Ақжан ағамен кездесе жүріп онымен тұстас, ал маған занғар тұлға болып көрінетін қазак ғалымдары жәйлі құрап отыратынмын. Дәл кай күні екені жадымда жоқ, ағадан: «Канышпен қашан, калай таныстыныз?» - деп құрағаным бар-ды. «1939 жылы институттың соңғы курсында жүргенімде ауылдан келген жастарға женил болсын деп өзім білімінен сусындаған И.В. Мушкетовтың «Жалпы геологияның қысқаша курсын» /1940/, Н. Потемкин бастаған ғалымдар жазған «Геология және минералология» /1940/ оқулыктарын қазак тіліне аударып шығарттым. Академик В.А. Обручевтің «Геология негізін» /1950/ қазакшалай жүріп жоғары сынып оқушыларын жер құрылышымен таныстыру керек шығар деген ой жиі-жиі мазалай берді. Эрине ол үшін геология ғылымы баршага түсінкті етіп жазылу керек болатын...» – деп еске алды Ақжан аға.

Тыңнан жол салу әркез оның болған емес. Ол кезде ғылымды көпшілік оқырмандарға бағыштауда үлгі алып ұстанар қаламгерлер тәжірибесінін тапшылығы және институттан кейінгі жас маманның іске төседуі, аспирантура, диссертация жазу тәрізді құнделікті жұмыстардан үзіп-жарып алғандай уақыттарда жер сыйры жәйлі әңгіме қағазға түсе келе әдебиетімізде ғылыми-көпшілік айдары тағылатын жанрдың қарлығашы санатындағы Ақжан ағанын 1955 жылы «Жер құрылышы» кітабы дүниеге келді.

Ақан тарапынан бұған деген талпыныс сонау, студенттік күннен басталды десек жаңылыс кетпес едік. Өйткені институт бітірген 1939 жылы әдебиетіміздің ғылыми-көпшілік жанрның тұнғышы «Таулар қалай пайда болды» /1939/ шағын кітапшасы жарық көреді. Бұған іле «Казакстандағы көне кен казбалары» /1942/ танымдық енбек дүниеге келді. Осылайша мүмкіндігіне сенімі артқан жас геолог шығармашылығын үзіліссіз жалғай береді. Егер сол, соғыс және соғыстан кейінгі қындық кернеген кезеңде жазылған дүниенің уақытылы шықпады демесек, А.Әл-Машанидің «Жердегі тіршіліктің пайда болуы және дамуы» /1948/, Казак тілінде толықтырылып өндөлген «Таулар қалай пайда болдының» /1948/ жана нұсқасы, болашак көркем туындысының барлаушысы «Жер сыйры» /1948/, «Жер құрылышы» /1949/ «Жер сілкінуі» /1949/ кітаптар бірер жылдың енбегі еместін, он жылғы - жас маман міндетін атқара жүріп түннің бір уағына дейін үйкісyz өткерген түндердің жемісі болатын.

Мұндаіда әрбір каламгерде туындаитын «Кітап калай шыкты» деген сұрап жауабы онын алғашқы окушысының ғылыми деңгейі мен тілдік оралымымен өлшемері анық. Сол кездегі геология саласындағы білімі мен казак тіліне жеткітігі жөнінен Канышпен тенедес маманды атай қою киын болатын.

Акжан аға К.Сәтбаевпен телефон арқылы кездесу себебін түсіндіріп, келісімін алады.

«Каныш карындастының үйінде, яғни академик Бектұровтың үйінде екен - деп әз аға сол күндерді есіне түсіріп: - Келісілген мерзімде сонда бардым. Канекен колжазбамның беттерін парактап шығып, маған қарай сырды. Әр жерінен оқытып көрді. Пікір беруге келісімін беріп жатып: «Менін қазір сен сияқты геологияны насиҳаттайтындаі қазақшам жок - деп құлді. — Пікірді орысша жазамын. Қазақшасын өзін аудар».

Қазак адебиетінде А.әл-Машаниді ғылыми-көпшілік жанрдың алғашкы карлығашының бірегейіне жаткызылатын «Жер құрылышы» кітабының «Сөз басы» деп берілген К.Сәтбаевтың макаласы былай басталады:

«... Қазақстан Республикасына қарасты жердің геологиялық құрылышы зерттеймеген, белгісіз «ак тандактары» 94 пайыз болатын еді. Советтік Қазақстан жерін кен зерттеп, геологиялық құрылышын айқындаудың ірі жетістіктері арқасында қазірде «ак тандак» деп атаптатын, геологиялық құрылышы белгісіз жердің көлемі 1940 жылдың аяғында 22 пайыз гана балып отыр. Кен түрде кота атынган геологиялық-барлау жұмыстарының арқасында: никельдін, темірдін, камірдін, мұнайдын тағы басқа кен байтықтарының орасан маңыры табыбын отыр. Өндіріс пен ет коргау ісіне өте керекті мыс, қорғасын, мырш, хром сияқты металдар коры жағынан Қазақстан қазір Кенестер Одагында бірінші орында, жер жүзінде алдыңғы катаarda тұр.

Геологиялық зерттеу, геологиялық барлау істерінің, құрылыш жұмыстарының, кен-өндіріс, индустримальық ортастық құрудың арқасында Қазақстанда қазірдің өзінде көп мұндаған мачан қазақ жұмысшылары шыкты. Мұнан былайы жерде геологиялық зерттеу, өндірістік құрылыштардың Қазақстанда онан да өрі шынга шығрай бериуіне ешбір құмән жосқ.

Осы айтаптан жағдайлардың тұрғысынан қараганда геология мәселеілері, барлау, кен-өндіріс істері, құрылыш істерінің негізі біздегі бағмақшы. Қазақстан жерінде табылатын түрліше кен байтықтарын халық шаруашылығына пайдаланудың технологиясы сияқты мәселеілерден қазақ тілінде техникалық, жәнең кітаптар шыгарудың аса кажет екендігі айқын көрінеді. Ең алдымен бүгінчे танда керекті, геология, кен шалу, кен іздеу жағынан қазақ тілінде жазылған кітаптар кажет. Ондай кітаптар барлау - кен ісіндегі көп мұндаған мачан жұмысшылардың, қазақ инженер - техниктерінің, оныңмен қатар мұндаған табигат күшар аймак танушы окушы-жастардың, колхозшылардың және ауылдық интелигенттерінің жалты мәдениеттік дәрежесін көтеруге жана құрат балуға тиісті.

Геолог Машанов Акжанның Жер сырына арналған «Жер құрылышы» атты кітабы, менін жоғарыда айттыған ұсыныс пікірімнің қазақ тіліндегі ең тұндырылған

еңбегі болып табылады. Машанов А. жолдас озінің кітабында копке түсінікті жер үстінде тіршілік оркендеуі тарихынан, физикалық геологиядан негізідә мәліметтер береді. Онымен қатар Казакстанның - Алтай, Сары Арка, Караптау, Орал - Ембі сияқты үлкен ондірісті алаптарының геологиялық құрылымындағы негізгі өзгешеліктерін береді. Осы айтылған отемаңызды маімістірдің бәрі де жалпы алғанда теориялық берік негізге сүйеніп жасылған. Кітаптың әдемі әдебиеттік, геологиялық оқигалар мен кейір терминдердің негінін түсіндірудегі автордың шеберлікпен кең түрде қазақ тілін пайдалануы, соғылым құруы, Машанов А. жолдас еңбегінің геология мәселесіне жасылған жетілдік кітаптардың орысша тілде шығып жүргендегін де ерекше артықшылығы болып табылады. Осы жағынан алғанда Машанов А. жолдастың еңбегін казакша басып шыгарумен бірге келешекте аударып орысша да шыгарса, тіпті жақсы болар еді деп білемін". **Қаныш Сәтбаев.**

Ал осы томға енген «Казакстанның тас-кола дәүірі мирастары» кітабында сөз болатын мәселе Жердін, аспан денесінің бірі - Аттар яғни планета болып Жер құрылышын жасап енгенин кейінгі, яғни оның адамзат бесігіне айналып тіршілік тарихының алғашкы тас-кола дәүірін Казак жерінә тән ерекшеліктерін корсетуге арналған. Дей тұра қазақ жерінің геологиялық тарихи даму кезеңдеріне бір емес, бірнеше кітапка жүк болатын ғылыми бағыт бағдары әл-Машани ұстанған ұлы баба әл-Фараби ілімінің қазактың дүниетанымдығымен сабактастыра, бүтінгі ғылым жетістігі негізінде карастырылуы окушысын танымдық ізденіске баулизы деп білеміз. Кезінде Ақжан аға кітаптың алғашкы тарауын, геолог Гатым Т.А. Ақышовка жүктеген болатын. Сойтіп, «Казакстан тас-кола дәүірі мирастары» 1996 ҚазҰТУ баспасында шығарылғандықтан алғы соғын сол кездегі ректор Е.Шайхутдинов атынан берілген-ді.

Кітап кіріспеден басталып, Тұран қакпасы жоніндегі шолумен аякталады. Кіріспе болімінде осы уақытқа дейін шындық сырның жонді білүте мүмкіндік болмағандықтан XVII ғасырда басталған отаршылық саясатының егемендік алғанша тыйым салынған шындық бетінін ашылмау себебі де сөз болады. Ғасырлар бойы енкейген бойын енді жазып, бас котеріп төніреккек көз жіберіп отырған халқымыздың осыдан 2,5-3 мың жылдар бұрын басталған ғұн-түрік тайпаларының мемлекетке біріккен жоне өздерінің елі үшін жерасты кен байлыктарын сол кезде-ак ізден тауып, көмірді колданып кен рудаларынан: мыс, корғасын, алтын, күміс, қалайы, мырышты ерітіп алғандары «Алғашкы жер шалған Бабалар» атты тарауда айтылады. Біздін әрамызға дейінгі тас дәүірінде сондай-ақ одан соңында дәүірінде бабаларымыз - Жун, Сюн, Гун сияқты тайпалардың тас жоне металл кару-жарактарын жасап, өзінің жерін және елін корғады, Гун тайпасының Енелісай (Енисей) өнірінен Жерорта теңізіне дейінгі кеңістікті билеп төстегені айтылған. Осы тарауда 13-15 мың жылдар бұрын соңғы мұз дәүірінің мұзы солтүстікке қарай ығысып, мұның ғылыми негізі қаралған.

«Танбалы тас, тас мирас» атты тарауда біздін ертеректегі тайпалардың

«Тас» кітаптарында көптеген өшпес бағалы мәліметтердің біздің дәуірімізге дейін жеткендігі, олардың Орталық Kazakhstan, Манғышлақ және Жетісу, Оңтүстік Kazakhstan өнірлерінде көп сакталғаны айтылған. Археологтар тауып, ашып жаткан ескі дәуірлердегі калалар біздің арғы бабаларымыздың ой-өрісі жоғары сатыда болғанын көрсетеді.

«Тас киясы даналық басы» тарауында ғalam кеңістігінің барлық салаларының, оның ішінде Күн жүйесі әлемінің терең-тендікте болып, микроболшектен алғып планеталарға дейін заңдылық симметриясымен орналасқаны, сол заңдылықтың қазак жеріндегі ежелгі тайпаларға таныс болған, сондай-ақ аспан әлемі мен жердің бір тұтас жүйелікте екені, тартылыс және магнит құштерінің бар екендігі, жұлдыздар географиясы арқылы адаспай жол табуға болатындығы - біздің көне тайпаларға осыдан 2-2,5 мың жылдар бұрын белгілі болғандығы айтылған.

Бір кызық нәрсе көне тайпалардың тау жыныстарын құрайтын минералдарын симметрияларын, олардың кристалдық түрлерін ажырата білуі. Біркиғаш, үшқиғаш, үшкіл, төрткүл, алтықыр, текше т.б. толып жаткан табиғат заңдылыктарын талдау сол кездегі кенші шебер-ұсталардың ғылым және мәдениет саласындағы пайымдаулары жоғары сатыда болғандығын дәлелдері сөзсіз.

«Мүшел есебі» атты тарауда: уақыт өлшеу, күннің, айдын, жылдың есебін айыру есептері келтірілген. Осы тарауда көптеген салыстырмалы өлшеулер айтылады. Көне тайпалар ішіндегі «есепшілер» ауа райын, болашак жыл ерекшеліктерін күні бұрын болжаушылардың болғаны айтылған. Олар аспан әлеміндегі жұлдыздардың орын ауыстыруын, ай фазаларының өзгеруі арқылы көптеген мәліметтерді болжап отырган. Ғұн тайпаларының біздің әрамыздан бұрынғы III ғ. бастап шығыстан батысқа жылжуы-осы ауа райын күні бұрын болжап білгендігі деген жорамал бар.

Бұдан кейінгі тарау «Аныздардың жұлдыз астары» деп аталады.

Жұлдыздардың орналасу тәртібі, өзінің жарық шығару немесе жарық сәуле сін кайтару, олардың жарық құштерінің әртүрлі болу қасиеттерін анықтау себептері көне дәуірлерде Мұхит кемелерінде пайдаланылған. Олар тек кана жұлдыздарды, аспан әлемін пайдаланып кана қоймай, табиғат симметрияларын да қолданып, жер жағдайын толық анықтап, өмір сүрудін айлаларын анықтаған.

«Нұктан ғибрат» тарауында Нұқ кемесінің Казықұрт тауының басында қалған сол кеменің өлшемдері келтіріліп, үшкіл мүшелері анықталады. Үл сол кездегі жазбалардың біздің заманымызға дейін сакталуына байланысты көптеген аныздардағы техникалық танымдықтың түйіні болып табылады. Соңғы «Тұран қақпасы» тақырыбы мұнда аспан әлемінің орналасу тәртібі, дүниенің жаралымы ұлы бабамыз әл-Фараби пайдаланған ғылыми ислами ұстанымының бүгінгі ғылым жетістігімен дәлелденуі атальмыш енбектің көкжиегін кенейтер танымдықтың соны бағыты болып табылады.

Ш.Абдраман

# ЖЕР ҚҰРЫЛЫСЫ

## I. ТАБИҒАТ ТАНУДЫҢ ҮШ ІРІ МӘСЕЛЕСІ

*Дүниеге келіп, білім алмай кеткен адам,  
моншага түсіп жусынбай шыққанмен тең.  
Алишер Назар.*

### KIPICU

Табиғат тану ісінде қандай мәселені қозғайтын болсақ та, сایып келгенде, мынадай үш мәселенің бірі болмаса біріне сокпайды алмаймыз: бірінші мәселе—жердің құрылуы, екіншісі—заттардың құрылысы, үшіншісі—тіршіліктің шығуы. Біріне-бірі байланысты осы үш мәселе—барлық табиғат танудың үш тіреуі сияқты. Осылардың негіздерін біліп алмай тұрып, табиғат танудың қай саласын болса да дұрыс және жете түсіну қыын болады. Мысалы, аспан шырактарын зерттейтін, басқаша айтқанда, жұлдыздарды, күнді, айды, жерді және басқа планеталарды зерттейтін, астрономия ғылымында жердің құрылысы ең негізгі бір мәселе болып қарастырылады. Өйткені аспан шырактарының ішіндегі бізге ең жакыны, керектісі, сондыктан да толық зерттелгені Жер болады. Аспандағы басқа шырактардың құрылыстары, құранды заттары және тарихтары жөнінде айтылғандардың көпшілігі, оларды жермен салыстырудан келіп шыгады.

Жердің тарихын, қыртыстарының құрылысын, қабаттарының түзілісін, құрамын, койнындағы кен қазынасының байлықтарын зерттейтін геология ғылымында Жердің құрылысы ең негізгі мәселенің бірі болып табылады. Әсіресе таулардың құрылысы, жер сілкіну туралы мәселелер, көбінесе жердің құрылысы

жөніндегі пікірлерге (теорияларға) сүйенеді. Ертеде өніп-өсken, ал бұл кезде өліп біткен жануарларды (фауналарды) және сол сияқты өсімдіктерді (флораларды) зерттейтін геология ғылымының бір тарауын палеонтология деп атайды. Жердің жарапуы мен тіршіліктің шығуы деген мәселелер бұл ғылымда ең негізгі мәселе болып табылады. Расында тіршіліктің (жәндіктер мен өсімдіктердің) ертедегі түрлерін зерттеуде, әрине, олардың ең алғашқыда қайдан шықканын білу кажет болады. Барлық тіршілік дүниесін, өмірдің даму зандарын зерттейтін ғылым — биология ғылымы.

Тіршілік жер бетіндес өніп-өседі, сондықтан ол тіршіліктің қайдан шықканын зерттеу мәселесі, алдымен жердің өзі қалай құрылған деген мәселеге соғады. Адамның өзі де, сол тіршілік дүниесінің өзгеше бір саналы мүшесі, адамның жарапуы да сол тіршіліктің шығуы мен дамуына келіп тіреледі.

Дүниедегі барлық заттар жұз шамалы элементтерден құралады, дәлірек айтқанда, Менделеевтің элементтер системасына кіретін элементтер саны 92, кейінгі кезде 7—8 жаңа элемент табылған. Бірақ бұл элементтердің біrsыптырысы жаратылыста табиги түрінде кездеспейді, тек лаборатория жағдайында ғана табылады. Ал біrsыптыра элементтер оте сирек кездеседі. Осыларды шығарып тастағанда дүниедегі барлық заттарды құрайтын химиялық элементтер саны 60—70 шамасында болады. Сол 60-70 түрлі элементтен құралатын заттар саны қанша? Ол өте көп жер кабаттарын құрайтын тастардың бірнеше мындаған түрі бар, ол тастарды құрайтын минерал-кристалл заттардың тағы бірнеше мындаған түрлері бар. Өсімдіктің де, жануарлардың да көп мындаған түрлері бар. Соның барлығы жоғарыда айтЫлған санаулы элементтерден құралады.

Біріне-бірі үксамайтын сол сансыз көп заттар бір-бірінен элементтік құрамы және құрылышы бойынша айрылады. Басқа сөзben айтқанда, дүниедегі барлық табиги заттарды тану—дүние тану ісі сол заттардың құрылышын білуге келіп соғады.

Сонымен, табигат ғылымдарының осы негіздерін білу әрбір саналы, сауатты адамға оте керекті және міндетті нәрсе. Бұларды білмеген адам, айналасындағы дүниеден хабары жок, соқыр кісі сияқты болады, ондагы болып жатқан саналуан керемет оқиғалардан, тамаша кызықтардан тыс қалады. Табиғаттың сәнділігін, занылышын және мәнділігін түсінбеген адам өмірде көп нәрседен құр қалады немесе жокқа сенгіш, бос қиялшыл адам болады.

Жердің күрылсын түсінү үшін алдымен оның дүние кеңістігіндегі алатын орнын және аспандағы барлық шырактардың, оның ішінде Күннің, Жердің және Айдың қозғалыс және тартылыс зандарын білу керек, басқаша айтқанда, аспан денелері қозғалыстарының сырын—аспан механикасын білу керек. Ол физикалық, математикалық есептермен келетін ғылымдарға жатады. Оны оңай және женіл түрде айтып беру ауыр соғады, алайда, шама келгенше, женіл және дәл баяндауга тырысамыз.

## 2. ЖЕР — АСПАН АЯСЫНДА

Жердің домалак зор шар төрізді екендігі ерте замандарда белгілі болған. Жер бір тәулік ішінде өз осінен бір айналалы, сондықтан күн мен тұн кезектесіп отырады. Осы айналыстың салдарынан жер шарының полюстерінің тұсы аз қысынды, ал экваторының тұсы шығынқылау болып келеді, өйткені айналын тұратын нәрседе жалпы центрден тепкіш күш пайда болады. Жердің қысқа диаметрі 12714 километр болса, оның ұзын диаметрі 12757 километр, екеуінің айырмасы 43 километр. демек, бұл жер диаметрінің үш жүз болігінің бірақ болігіндегі, сондықтан да мұндай аз айырмашылық, жерді бірнеше миллион рет кішірейтіп жасалған, глобуста көрсетілмей, ол шар болып жасалады.

Жер өз осін айналумен катар, күнді де айналып жүрелі. Жер мен Күннің арасы 150 миллион километр шамасындаи, ал Жердің Күнді айналатын жолының (орбитасының) ұзындығы 900 миллион километр болады. Осы ұзак жолды ол үш жүз алтын бес бүтін және төрттен бір тәулік ішінде бір айналып шығып отырады, мұны біз жыл дейміз, сонда жердің күнді айналу жүрісінің жылдамдығы секундына 30 километр болады.

Ай жерді 29 тәуліктеке бір айналып шығып отырады, сонымен катар ай жермен бірге күнді де айналады.

Аспан кеңістігінде біз көретін шырактар бұл айтылған үисеуі ғана емес, онда сансыз көп жұлдыздар да бар. Осылардың барлығын зерттейтін астрономия ғылымының айтуы бойынша бұлағдың әркайсысы, мысалы, тогайдағы, осу дәрежесінде оркесті түрлі ағаштар сияқты өздерінің әртүрлі даму дәрежесінде екенин көреміз.

Температуралары өте жоғары, өз бетімен сәуле шынарын және сол арқылы бізге көрініп тұратын аспан шырактарын

жұлдыздар деп атайды. Құн—сол сансыз көп жұлдыздардың бірі. Суынған, өзінен сәуле шығармайтын, басқа жұлдыздардың сәулесі аркылы ғана көрінетін аспан шырақтарын планеталар деп атайды. Өзінен сәуле шығаратын жұлдыздар құбылып, «жымындал» тұрады, планеталар тыныш тұрған сияқты болып көрінеді. Планеталардың қолемі, қобінесе, жұлдыздардан әлдеп неше есе кіші келді, олардың тез салқындал қалу себебі де сол кішілігінен. Біздің жер — сол сияқты планеталардың біреуі. Жердің массасы Құннен 330 000 есе кіші. Ал планеталарды айналып жүрген онан да кішкентай денелер бар, оларды планеталардың серіктегі деп атайды. Ай — жердің серігі, оның массасы жерден 81 есе кіші. Біздің құн сияқты жұлдыздар да, жер сияқты планеталар да, ай сияқты серіктегі де аспан кеңістігінде өте көп, бірақ бұл үшеуінің бізге өзгелерден ерекше болатын себебі: жер — біздің мекендеген тұрак жайымыз, құн — біздің планеталық касына ертіп, энергия беріп жүрген ең тақау жарық-сәуле жұлдызымыз, ай — жердің касына еріп жүрген ең жақын серігі. Құннен зор жұлдыздар да, айдан зор серіктегі де көп, бірақ бұл екеуі бізге өте зор болып көрінеді, өйткені олар бізге жақын. Құн айдан миллиондаған есе үлкен болса да жер мен айдаң арасы 400 000 километр, жер мен құннің арасы 150 миллион километр болғандықтан, екеуі бізге шамалас болып көрінеді. Ал жерге ең жақын жарық жұлдыздың өзі, бізге, Құннен 500000 есе алыс тұрады (неше километр келетінін өздерінің есептеп шығарыныздар).

Құннің айналасында жүрген жалғыз біздің жер емес, одан басқа да планеталар бар. Олар (Құнға жақынынан бастап атағанда) мыналар: Меркурий\* (бұл Айдан аз-ақ үлкен), Шолпан (бұл Жерден бір аз кіші), Марс (Жерден едөүір кіші), Юпитер (массасы Жер массасынан 380 есе үлкен) және Сатурн.

Одан кейін, бертінде тағы үш планета табылды: Уран, Нептун және Плутон. Бұлардың алғашқы екеуі бірімен-бірі шамалас, ірі планеталар, олардың қолемі Жерден 60-70 есе үлкен. 1930 жылы ашылған Плутон атты планета Құн айналасындағы

\* Планеталардың аттарын: Меркурий, Марс, Юпитер және Сатурн деп казіргі уақытта казак тілінде басылып шығып жүрген астрономия оқулығындағы атауларға сәйкес етіп алдық, ал халықтың айтуы және шығыс елдерінің бұрынғы астрономдарының айтулары бойынша: Меркурий—кіші Шолпан, Марс—Есек Қырған, Юпитер — Акбозат, Сатурн — Көкбозат болып аталған.

планеталардың баскаша айтқанда, Күн системасындағы планеталардың, ең шеткісі болып есептеледі, бұл Марспен шамалас кішкене планета.


Езге планеталардың арасына қарағанда Юпитер мен Марстың арасы едөуір кашық, бұл екі ортада бір «жік» бар сиякты. Осы жіктің күн жағындағы төрт планета (Меркурий, Шолтан, Жер, Марс) жерге жақын, олар ішкі кіші планеталар деп аталынады. Бұлардың барлығы да кішкене планеталар, ал жоғарыда айтылған жіктен әрі тұрғандар (Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун) – ірі планеталар, бұларды сыртқы ірі планеталар дейді (ең шеткі Плутон бұларға қосылмайды).

Юпитер мен Марс арасындағы жоғарыда айтылған жіктे то-лып жатқан кішкене планеталар тобы бар екені өткен гасырдың басынан бері белгілі бола бастады. Бұл уақ планеталар астероидтар деп аталады. Астероидтар да белгілі жолмен Құндың айналып жүретін планеталар, айырмашилық тек олардың уақтығында, бірақ оның есесіне бұлардың саны көп. Қазіргі уақытта олардың саны 1500-ге жуық. Астероидтардың ең алғашқы ашылған үлкендерінің (Церера, Веста, Паллада, Юнова) диаметрі жүздеген ғана километр, бұлардан жүздеген есе кіші ұсақтары да бар, тіпті аса уақ болып, көзге көрінбей, аспан тозаңына айналып кететін астероидтар гектес заттарға, планеталар ара-рындағы өлем кеңістігі толған деп есептейді.

Астероидтардың басым көшілігі жоғарыда айтылған жіктे болғанымен, олардың шашыранды уақтары екі жағындағы планеталар арасына да тараган. Сол сиякты ұсақ планета Жерге соқтығысатын болса немесе жердің бетіне келіп түсетін болса, онда ол аққан жұлдыз (метеорит) болып көрінеді.

Күн системасына кіретін шырактардың тағы бір тамашалары—құйрықты жұлдыздар (кометалар). Олар анда-санда бір көрініп кетіп отырады. Ерте уақыттарда комета корінгенде халық қатты үрейленетін болған. Мысалы, Галлей кометасы дең атаптың құйрықты жұлдыз, 75 жылда бір айналып соғып, корініп отырады. Соның 1456 жылғы көрінуінде, христиан дініндегі елдер, тұріктер шабуыл жасайды екен деп қатты үрейленген. Рим папасы барлық шіркеулерінде күнде конырау соғып, «Аспан-ның әшүйн, яғни құйрықты жұлдызды қайтармақшы» болған. Кометалардың бір өзгешелігі — оның сыртында тозанды газдан құралған он миллиондаған километрге созылатын құйрығының болуы. Бақылауларға қарағанда, оның бұл құйрығы айрылmas серігі емес, бірнеше ғасырлардан соң ол кішірейе-кішірейе келіп,

акырында, мұлде жоғалып кетеді. Құйрығы жоғалған сон оның басқа кішкене планеталардан—астероидтардан — ешбір айырмасы болмай, көрінбей кетеді. Демек, үлкен планеталардың, астероидтардың, кометалардың, метеориттердің араларында, заттық жағынан ешбір айырмашибылық жоқ, олар бірінен-бірі тек көлемдері жағынан ғана айылады. Оның ішінде кометалар—аз уақыт кана көрініп, қайтадан жоғалып отыратын, өзінен газ (құйрық) шығару арқылы кішірейіп азая беретін жарылған астероидтар деп түсінуге болады. Олардың жарылуының себебі біріне-бірі соқтығысып қалуынан деп септейді.



1-сурет. Планеталардың колемін салыстыру схемасы.

Күнге ең жақын екі планетаның серіктері жоқ, онан кейінгі Жердің бір серігі (Ай), Марстың екі серігі бар. Астероидтар тоғының қаншасы серік, қаншасы планета екенін айырып білуге болмайды. Оның сыртындағы зор планета—Юпитерде 2 серік, Сатурнда 9 серік, Уранда 4 серік, Нептунда бір серік бар (1-суретті қарандыз). Юпитердің екі жағындағы планеталар шетіне караң барған сайын кішіреі береді, сонда барлық планеталардың сыртынан қоршай сызылған сызық, екі басы сүйір сопакша болып шығады.

Осы күрылыштың төрт түрлі зандалығы байқалған.

Біріншіден, барлық планеталардың орбиталары шенбер тәрізді жөне барлығы бір жазықтықта, бір бағытпен айналады, күннің өзі де сол жаққа карай айналады. Екіншіден, күннен алыстаратан сайын планеталардың ара-арасы бірінен-бірі қашыктай береді. Мысалы, күн мен жердің арасын бірге тең деп алатын болсақ, сол өлшеумен өлшегендес баска планеталардың күннен алыштығы мынадай болады: Меркурий — 0,39, Шолпан — 0,72; Жер — 1,00; Марс — 1,52; Юпитер — 5,20; Сатурн — 9,54; Уран — 19,19; Нептун — 30,07; Плутон — 39,52. Осы заңдылық академик О. Ю. Шмидттің теориясы бойынша былай айтылады: «Күннен планеталардың қашықтықтарының квадрат түбірлері арифметикалық прогрессия болады». Үшіншіден, планеталар ішкі және сыртқы планеталар болып екі топқа бөлінеді. Ішкі планеталардың жоғарыда айтылғандай, кішілеу, тығыз, айналысы баяу, серіктері аз болады. Сыртқы планеталар ірі, бірақ тығыздығы аз, серікттері көп, айналуы шапшаң болады. Тек ең шеткі планета Плутонғана бұл заңға бағынбайды. Ең ақырында, төртінші заңдылық — Күн системасындағы барлық қозғалысты 100% деп алсақ, сонын 2% ғана Күн қозғалысы, калған 98 % баска планеталар қозғалысы. Күн планеталардан анағұрлым жай қозғалады. Бұл — Күннің массасы барлық планеталар массасынан 700 еседей артық болуына байланысты.

Осы айтылған Күн системасы, аспандағы жұлдыздар тобының бізге ең жақын бір тобына кіреді, ол топты қазакша Құс жолы деп, астрономия ғылымында г а л а к т и к а деп атаілды. Бұл галактиканың да өз алдына айналыс орталығы бар, күн системасы сол орталықты айналып жүреді. Бұл сиякты жұлдызтар тобы, планеталар, тұмандықтар, тозандар аспанда тіпті кон. Былайша айтқанда, әлем кеңістігінің және ондағы жұлдызтардың шегі жок деуге болады және соның бәрі токтаусыз айналыста, қозғалыс жүрісте, әркайсысының өз алдына жүретін жолдары бар.

Енді осы сансыз көп дүниенің барлық қозғалыс механизмін басқаратын қандай күш? - деген сұрау ерте кезден қойылып келген. Бұған ғылыми түсінік берген адамның бірі — Ньютон. Ньютонның тапқан заңы бойынша дүниенің қозғалысын басқарып тұратын күш, кәдімгі, салмақ немесе ауырлық күш, ол күн жердің орталығына қарай бағытталған. Лактырылған тастың атылған оқтың, т.с.с. жерден жоғары көтерілген нәрселердің, жерге (дәлірек айтқанда, жер орталығына қарай бағыттала кайта түскенін көруге болады. Ауырлық күш тек жердеғі ғана деңе-

лерде емес, барлық жұлдыздардағы, күндегі, айдағы, планеталардағы денелерде де бар, басқаша айтқанда, олардың әркайсысындағы заттың барлығының да салмағы бар, әркайсысы үстіндегі және манайындағы заттарды өзінің орталығына қарай тартады, сөйтіп, заттың бұлардағы ауырлығы - салмағы дегениң өзі - затты олардың орталығына тартатын күш. Бұл күш әрбір аспан шырактарының өз манайындағы ғана қасиет, ал ол әлемдегі барлық аспан денелерінің қозғалысына қалай өсер етеді? Оны түсіну оңай, өйткені әр планета мен жұлдыздар маңайындағы заттарды өзіне тартатын болса, ол заттар да планеталар мен жұлдыздарды тартады. Мысалы, жер айды өзіне тартады, ай жерді өзіне тартады, бұларды Күн өзіне тартады, басқа планеталар да солай. Бұл тарту құштің өзі ауырлық күш екені жоғарыда айтылды, ендеше зат неғұрлым салмақты болса, солғұрлым оның тартуы да құшті болады. Біз жоғарыда айдың жерден 81 есе жеңіл екенін, күннің жерден 330000 есе ауыр екенін айттық. Бұлардың біріне-бірінің тартылу қүші де осыған сәйкес болады. Олай болса тарту қүші көп есе артық. Айды, жер өзіне неге тартып алмайды? Басқаша айтқанда, ай неге жерге құлап түспейді? Сол сияқты жердің өзі күнге неге құлап түспейді? Айды Күннің тартуы құшті ме? Жок Жердің тартуы құшті ме? Бұл жөнінде мынадай заң бар: әр дененің маңайындағы тарту қүші дененің орталығынан қашықтаған сайын, сол арақашықтықтың квадратындағы сан есе азая береді, басқаша айтқанда, аралық екі есе ұзарса, тартылу қүші төрт ( $2 \times 2 = 4$ ) есе, үш есе ұзарса — тоғыз ( $3 \times 3 = 9$ ) есе т. с. с. азаяды.

Сонымен, Ньютон заңын толық түрінде қалай түсінуге болады? Әрбір заттың өзіне тарту қүші оның салмағына байланысты. Екі дененің арасындағы бірін-бірі тартаңтың қүш сол денелердің массаларының көбейтіндісіне тұра пропорционал, олардың ара қашықтығының квадратына кері пропорционал болады. Сөйтіп, Ньютонның бүкіл әлемдік тартылыс деп аталағын заңын мынадай формуламен өрнектеуге болады:

$$P = \varphi \frac{m_1 \times m_2}{r^2}$$

Мұндагы:  $m_1$  - бір дененің массасы,  $m_2$  - екінші дененің массасы,  $r$  - екі дененің арақашықтығы,  $P$  - денелердің тартылыс қүші,  $\varphi$  - коэффициент (Ньютонның тартылыс тұрактысы).

Осы заңды қолданып, жоғарыдағы сұрауларға енді жауап беруге болады. Жер және басқа планеталар Күнді аса тез айналады.

ды, сол айналу нәтижесінде Күннің тарту күшіне көрі бағытталған тебу күші пайда болады. Бұл күштер шама жағынан тең болғандықтан, планеталар Күнге құлап түспейді. Егер планеталар, аз уақытка болса да, өздерінің Күнді айналатын қозғалысын тоқтата қойса, онда олар бірінен соң бірі барып Күнгеге түсереді.

Планеталардың Күнге құлап түспей не Күннен кол үзіп кетісій, арқандаған ат сияқты Күнді айналып жүретін себебі осы айтылған екі күштің терең-тен болуында. Мұны жақсы түсіну үшін мынадай мысал алайық: ауда ұшып жүрген самолёттің моторы тоқтап қалса, самолет жерге келіп құлайды, себебі, оны Жер тартады. Ұшып жүргеңде, өзінің қозғалысының арқасында, ол құламайды. Планеталардың күнге құламауы да осы сияқты.

Екінші сұрауға жауап берейік. Күннің массасы жерден 330000 есе артық екені айтылды. Ай екеуінің дәл ортасында болса, күн айды, жерден осынша есе артық күшпен тартар еді, бірақ Күн мен Айдың арасы Ай мен арасынан 400 есе қашық, демек, Күннің тарту күші осы аралықтың квадратындағы сан есе, яғни  $400 \times 400 = 160000$  есе кемиді, сонда күннің тарту күші

$$\text{жердікінен} - \frac{300000}{160000} \text{ есе, яғни екі есеге жуық артық, демек,}$$

қозғалыс болмаса, Ай жерге емес, күнге барып құлар еді. Айның күнге құламауының себебі де, оның жермен бірге күнді айналып жүруінде.

Планеталардың үлкендігі, араларының қашықтығы, жүрістерінің шапшандығы дәл аспаптармен, физикалық әдістермен бірнеше рет өлшенген, сонымен катар Ньютоның заңын колданып, аспан шырактарының салмақтары өлшеңді, қозғалыс заңдары ашылды. Жердің және планеталардың қалай шыққанын түсіндіретін әртүрлі теориялар, жoramалдар бар, солардың барлығы айтылған заңдарға сүйенеді. Мінс, аспан механикасы деген осы. Осы түсініктерімізді еске ала отырып, жердің және басқа планеталардың қалай құралғандығына келеміз.

### 3. ЖЕРДІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Аспан кеңістігінен келіп түсетін метеорит тастардың химиялық құрамына және басқа көптеген зерттеулерге қарағанда барлық планеталардың, Күннің және аспан шырактарының құрамы бірдей екені көрінеді. Барлық, дүниедегі заттар біртектес, бәрі

де жердегі белгілі химиялық заттардан - элементтерден құралады.

Аспан шырактарындағы элементтердің бәрі де біртектес, олар - мәнгілік материя, бірақ олардың өркайсысында сол материяның түрі, формасы, болмысы өртүрлі халде, мәнгі өзгерісте.

Күн системасындағы барлық планеталардың орасан зор «алып анасы» күн екені, олар күннің қозғалысына сәйкес қозғалатыны, олардан күн массасы жеті жұз есе артық екені жоғарыда айттылды. Бұдан планеталар, оның ішінде біздің жер де, күннен бөлініп шықкан деген түсінік келіп шығады. Бұлай деп түсіндірудің тағы бір себебі, жердің ішкі кабаттының әлі күнге дейін ыстық болуы. Жердің ішкі кабаттының қызулы екенін вулкандардың балқыған ыстық заттарды атқылауынан, тағы басқа мәліметтерден де білеміз. Бұған кейінірек толық тоқталамыз.

Аспан шырактарының құралуы, дамуы, өзгеруі, жойылуы деген түсініктер ғалымға тез кіре қойған жоқ. Птоломейдің күн жерді айналады деген пікірін теріске шығарып, жер және басқа планеталар күнді айналады дегенді деделдеген, планеталар жүрісінің заңдылығын тапкан ірі ғалымдардың өздері (Коперник, Кеплер, және тағы басқалар), барлық аспан шырактарын (Күн, жұлдыздар, Жер, Ай және басқа планеталар) ешбір өзгермейтін, бір құралған қалпында қала беретін денелер деп түсінген.

Аспан шырактарының өзгеруі, дамуы туралы жаңа пікір айтып, ортағасырдың барлық діни схоластикасына қарсы шығу үшін жаңа заманға лайықты ғылыми көзқарастар керек еді. Осы қозғалысты Батыс елдерінде алғашқы бастаушының бірі француз ғалымы Декарт болды.

Осыдан 300 жыл шамасы бұрын шыққан өзінің бір философиялық еңбегінде, ол ешбір беделге, діннің айтуына қарамастан, адам өзінің ақыл-ойы арқылы шындықты таба алады деген пікірді жазды.

Ол барлық әлемнің дамуын, оның ішінде жердің құралуын, тарихын, өсімдіктер мен жануарлардың және соның ішінде адамның тарихын бір ғана теория негізінен шығаруға тырысты. Декарт теориясының негізі-заттың құйынша қозғалысы. Құйынлық қозғалыстың пайда болуын ол былай түсіндіреді: ретсіз қозғалыстағы зат бөлшектерінің біріне-бірі сөқтығусының, үйкелісүінің арқасында, олардың біртектестігі жойылады. Соның салдарынан келіп біртіндең құйынша қозғалыс пайда болды. Бұл қозғалыстан заттардың кішкене бөлшектері құйынның орталы-

ғына жыналады, содан Күн және басқа жұлдыздар пайда болады. Планеталардың шығуын, айналу зандарының, олардың серіктегін шығуын-Декарт осы құйынша қозғалыс занымен, табиғат заттары қозғалыс арқылы өзінен-өзі тәртіпке келеді деген жорамалмен түсіндірді.

Бүкіл табиғаттың дамуын осы сияқты бір негізben түсіндіру, ғасырлар бойы ескіден келе жатқан түсініктерді жокка шығару сол кездегі ғылымға орасан зор табыс еді. Декарттың осы енбегі жөнінде орыстың ұлы ғалымы М. В. Ломоносов былай деген: «Басқа енбектерінен ғөрі біз оның, әсіресе бір енбегіне алғыс айтамыз. Оның бұл енбегі оқымыстыларды Аристотельге қарсы шығуға жігерлендірді». Аристотельдің аспан шырактары тура-лы ескірген пікірлері дін кітаптарына кіріп, сол кездегі ғылымға зор бөгет салып келген еді. Италияның атақты ғалымы Галилей сол пікірге қарсы шықканы үшін шіркеу сотында тартылған. Осы жағдайларды еске алып, М. В. Ломоносовтың былай деуі аса орынды еді.


Декарттан жиырма жылдай кейін Ньютоның атакты занда-ры жариялады. Бірақ Декартты жақтаушы ғалымдар ол занга бірден бағына қойған жок, тек көп тартыстардан кейін ғана Ньютон теориясы үстемдік алды. Осы теорияға сүйене отырып, күн системасының жарапу тарихын алғаш рет түсіндірмек болған Кант еді.

Канттың енбегі 1755 жылы жарыққа шықты, бұл енбегінде ол алғашқыда Күн мен басқа планеталардың қазіргі шегінде бірдей таралған ретсіз қозғалысты заттар (материя) болған дейді. Канттың айтуынша сол заттардың бөлшектері бірін-бірі тарту-дың нәтижесінде орталық зор масса құралады (бұл - қазіргі Күн). Баскалары сол массаны айналып жүреді, олардан Планеталар (соның ішінде Жер де) келіп шығады.

Аспан кеңістігіне таралған біртекtes заттар сол қалында тұракты болып қала алмайды, олар тарту қүшінің арқасында біріне-бірі жабысып, жеке-жеке кесектерге бөлініп, топтанады, бұл жөніндегі Кант пікірлері дұрыс. Бірақ оның ұлken бір кателескен жері планеталардың күнді айналуын түсіндіруде болды. Әрбір нәрсенің айналма қозғалысы өздігінен баяуланбайды және үндемейді, басқаша айтқанда, тұракты нәрсе, оны азайту немесе көбейту үшін сыртқы бөгде күштің әсері болу керек. Жоғарыда айтылған ретсіз қозғалыстағы заттардың жалпы ай-налма қозғалысы, Канттың айтуынша, басында жок болып, кейін пайда болады, соның салдарынан планеталар қозғалысы шыга-

ды, бұл әрине, теріс түсінік. Алайда нағыз ғылым жолында бұл дұрыс бағыт болды.

Соның артынан 41 жыл өткен соң, 1796 жылы француз математигі және астрономы Лаплас өзінің гипотезасын жариялады. Лаплас Кант еңбегімен таныс болмаған, бірақ оның жорамалы, жалпы алғанда, Кант жорамалына жақын, тек одан біраз талданқырап айтылған. Лапластың өзі бұл гипотезасына онша көп мағына бере қоймаған, өйткені ол бұл жорамалда бақылау мен есептеу істерін жеткілікті деп есептемеген. Солай бола тұрса да, бүкіл XIX ғасыр бойы Лаплас гипотезасы жер жүзіне жайылдып, ғылымға берік орнап алды. Бұған бірінші себеп Лапластың ғалымдар арасындағы зор беделі болса, екінші себеп, оның гипотезасы өте қысынды, үғымға женіл, көнілге қонымды болды. Ол сол кездегі белгілі планеталардың және олардың серіктерінің жүрісін толық түсіндірлерлік гипотеза болды.



2-сурет. Лаплас гипотезасының схемасы.

Лаплас гипотезасы бойынша барлық Күн системасы бір кезде қазіргі көлемінен де үлкен және өзі орталығынан акырын айналып жүретін тұман зат болған, ол тұман зат (тұмандық) салқындалып кішірейе берген, кішірейген сайын оның айналуы жылдамдай берген. Сонымен қатар оның айналу осінің бойы қысынқы, экватордың тұсы шығынқыланып, экваторда орталықтан тебу күші орталыққа тарту күшінен арта берген, соның салдарынан тұмандықты айналған газ - сакина пайда болып, ол

бөлініп шыққан (2-суретті караңыз). Тұманды газ шардың айналасы сырткы бөгет сақинадан құтылған соң, оның айналысы одан да шапшандайды, соның салдарынан оның экваторының тұсы тағы да шығыңқы болып, газ сақинаға оралады.

Сонымен, бірнеше сақиналар пайда болады. Бұл сақиналар да өзінше айналып жүріп, үзіліп бір текстес емес түйіршіктеге айналады. Түйіршіктеге біріне-бірі қосылып, ақырында планета болады. Ол планета бұрынғы сақина айналған жолмен айналады. Осы ретпен бөлінген әрбір шенберден бір планета құралады. Планеталар айналасындағы серіктеге де солай құралады. Біздін жер мен ай да, осы ретпен кетіп шығады, ал бастапқы газ шар тұмандықтың центрі барлық системаның центрі болып калаады, ол - қазіргі Күн.

Күн айналасында және планеталар айналасында пайда болған сақиналар бөлшектеніп, және түйіртпектеліп планетаға және серіктеге айналады. Сол сияқты сақинаның біреуі - Сатурн сақинасы, ол тұтас кесекке айналмай, сол сақина қалпында әлі сақталып келеді, келешекте ол да, Лаплас пікірі бойынша, кесектеліп Сатурн серігіне айналуы мүмкін.

Кант пен Лаплас пікірлері арасында ұқсастық бар екені көрініп тұр. Сондықтан мұны, көбінесе, Кант-Лаплас гипотезасы деп атайды. Қазіргі уақытта бұл гипотезаны жаңғыртып түзетушілер де көп, мұны негізінен теріс деп тауып, жанадан гипотеза ұсынушылар да көп.

Лаплас тірі кездің өзінде, кейбір сырткы планеталардың серіктеге керісінше айналатыны белгілі болды. Онымен қатар бөлінген сақина газ бірігіп, планета болып шығуы спрек кездесетін нәрсе екені айқындалды. Сатурн сақинасынан шуақытта планета құралмайтыны, бәлки керісінше, планетага тым тақау келіп қалған тұтас серіктегің өзі бөлшекті тозандарға айналып, сақина болып шығатыны дәлелденді. Лаплас гипотезасы бойынша түсіндіруге болмайтын тағы бір негізгі мәселе— ол Күн системасындағы айналыс құشتің басым-көпшілігі планеталар козғалысына байланысты болуы. Күн өте жай, ал планеталар тез қозғалады. Егер де, Кант пен Лаплас айтқандай, осылардың барлығы бір тұтас денеден бөлініп шыққан болса, онда бұлардың айналу жылдамдығында бұл сияқты айырмашылық болmas еді.

Кейіндегі зерттеулерге карағанда Сатурн сақинасы планетадан бөлініп шыққан емес, ол - планетаға өте жақын келген басқа бір кішірек серік болған, соның бытырап кетуінен барып са-

кина пайда болған деп есептейді.

Планеталардың және оның серіктерінің козғалыстарында да Лаплас жорамалына қайши келетін мәліметтер байқалды. Мысалы, құн системасындағы ен шеткі планета-Плутон-басқаларына керісінше айналады. Уранның төрт серігі оның өз айналысына карай емес, керісінше айналатыны байқалды.

Сонымен, Кант-Лаплас гипотезасы үстіміздегі ғасырдан бастап қатты сынға түсті. Оны жактаушылар түзетуге тырысты, сонымен катар оны негізінен теріске шығарып, жаңадан гипотеза ұсынған ғалымдар да шықты. Біз енді сол жаңа жорамалдарға келеміз.

Жана жорамалдардың көшілігі Жердің және басқа планеталардың бір кезде Күннен бөлініп шыққанын дұрыс деп біледі, бірақ олардағы айырмашылық сол бөлінудің себептеріне берілген түсініктерде.

Сонымен катар кейінгі кезде кейбір ғалымдар планеталар Күннен бөлініп шыққан емес, сырттағы аспан кеңістігінен, құс жолы тобындағы жұлдыздар арасынан келген кішкене кесектерден – метеориттерден құралған деген пікірлерді айтады.


Кейбір ғалымдардың пікірлері бойынша, өткен бір уақытта басқа бір жұлдыз Күнге келіп жақындаған, сол кезде тартылыс күшінің өсерінен Күннен ыстық газ шумағы бөлініп шыққан. Жақындаған жұлдыз өз бетімен кете берген. Ал Күннен бөлінген заттар бөлшектеніп, Күн маңында айналып жүретін планеталар болып қалған. Солардың біреуі - Жер.

Осы пікірді өзінше дәлелдеп, алғаш рет жариялаушы Джинс деген ағылшын ғалымы. Оның түсіндіруі бойынша планеталардың орталығындағылардың (Юпитер, Сатурн) ірі, екі жағындағылардың уақ болуы, сол алғашқыда Күннен бөлініп шыққан газ заттардың козгалыс занына бейімделгендігінен болған. Планеталарды айналма қозғалысқа келтіріп кеткен де осы соқпа жұлдыздың өсері.

Бұл гипотезаны колдаушылар да, өндеушілер де көп болды. Сонымен, үстіміздегі ғасырдың бас кезінен бері Джинс гипотезасы кен түрде таралып, көп жерлерде нақтылы теория ретінде колданылып келді. Тек кейінгі кездерде ғана бұл пікірге қайши келетін пікірлер айтыла бастады.

Джинс гипотезасына қарсы дәлелдер келтірушілер ішінде Кенес Одағының атакты ғалымдары да бар. Олардың айтуынша барлық планеталардың құралуын, кездейсок жұлдыздың әлдекалай жанасуына байланыстыру - негізінде ешбір тірек жоқ киял, со-

нымен катар, кейінгі дәл есептеулерге қарағанда, планеталардың айналысы сырттан келіп жана сакан жұлдызы әсерінен болатын болса, ол мұндай шапшаш емес, онан әлденеше ессе акырын болу керек. Газ түрінде бөлініп шыққан зат тез суына қоймаса керек, сондықтан ол заттардан планета құрала коймайды. Олар құннің тарту күші әсерінен әлем кеңістігіне айналып, тозан түрінде тарап кетуі керек дейді.




**3- сурет.** Планеталардың құннен бөлінуі гипотезасының бір дәлеліне схема.

Осы гипотезаға негіздел планеталардың маңында айналып жүретін серіктер де сол планеталардан кесектей бөлініп шыкты деп түсіндіреді. Мысалы, біздің Жердің серігі-Ай-бір кезде Жерден бөлініп шыққан, оның бөлінген орны қазіргі Тынық мұхиттың түбі деушілер де бар. Осы пікірді қолдаушы, дәлелдеушінің бірі - атақты биолог, эволюция теориясының авторы Ч. Дарвинның баласы Джорж Дарвин.

Кейінгі кезде Джинстың өзі де, басқа көп ғалымдар да, бұл гипотезаның дәлелсіз жерлерін түзетуде. Ирі ғалым, қазақ Ғылым Академиясының толық мүшесі, академик Василий Григорьевич Фесенков Құн системасындағы планеталардың, соның ішінде Жердің шығуы жөнінде өзінің жаңа гипотезасын жариялады. Ол кісінің гипотезасы бойынша планеталардың Құннен болініп шығуы, жалпы алғанда, жоғарыда айтылған Джинс гипотезасына үқсас келеді, бірақ ол бөлініп шығудың себебін В. Г. Фесенков тіпті басқаша түсіндіреді.

В. Г. Фесенков планеталардың Құннен бөлініп шығуын кез-



**4- сурет.** Джинс гипотезасының схемасы.